

Қамқоршылық кеңес отырысының №2 хаттамасы
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
№7 бөбекжайы» КМҚК

Күні: 2026 жыл 12 ақпан

Қатысқандар:

Төраға - Дарья Германовна Виденчук, Ласточки, 5–6 жас аралығындағы топ

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Г.Ж. Жаканова – «Балауса», «Ақбота» топтарының ата-анасы

М.В. Дорошенко – «Улыбка» тобының ата-анасы

В.В. Шпак – «Знайки» тобының ата-анасы

Н.М. Ошакбаева – қоғам қайраткері, «Айналайын» тобының ата-анасы

А.Д. Киньбаева – «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Жастар үйі» ММ басшысы.

Д.О. Темиргалиева – «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ заң бөлімінің мааны, «Улыбка» тобының ата-анасы

А.Б. Омарова – «Балапан» тобының ата-анасы

Шақырылғандар:

менгеруші Л.Р. Елекеева

бас есепші Г.К. Шумультурова

әдіскер А.А. Избасарова

әдіскер Д.В. Комарова

Күн тәртібі

1. 2025 жылға арналған бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша балабақша әкімшілігінің есебі.
2. 2025 жылға арналған Қамқоршылық кеңестің атқарылған жұмысы туралы есебі.
3. 2026 жылы тамақтану ақысының көтерілуі туралы.

1. Тыңдалды: 2025 жылға арналған бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша бөбекжай директоры Елекеева Л.Р. Ол 2025 жылы бөбекжай шотына 309 114 000 теңге түскенін баяндады. Еңбекақыға - 225 541 840 теңге, салықтарға - 31 183 558 теңге, коммуналдық қызметтерге - 25 255 398 теңге, қызметтер мен жұмыстарға - 17 245 699 теңге, тауарлар сатып алуға - 3 697 016 теңге жұмсалған.

Сөз сөйледі: бас есепші Шумультурова Г.К. Ол аталған сомалар бойынша түсіндірме беріп, 2025 жылы шатыр жабынына ағымдағы жөндеу жұмыстары, апатты жағдайдағы бөлмеге ағымдағы жөндеу, ғимаратқа қызмет көрсету, ғимаратты күтіп ұстау, тұрмыстық химия және шаруашылық құралдарын сатып алу, балалар жиһазын қайта қаптау, музыка залына перде тігу қызметі, гүл көшеттерін сатып алу, балалар ыдыстарын, жарық шамдарын және т.б. алу жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

Қаулы етті: 2026 жылға арналған бюджетті ұтымды жоспарлап, тиімді бөлу. Ата-аналардың Қамқоршылық кеңесі алдында есеп беру тәжірибесін жалғастыру. «Экологиялық бөлме» жабдықтау және рәсімдеу мүмкіндігін қарастыру. Жауаптылар: балабақша әкімшілігі.

2. Тыңдалды: Ата-аналар Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Виденчук Д.Г. 2025 жылға арналған Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы туралы есеп берді. Ол отырыстардың тұрақты түрде, жылына 4 рет өткізілетінін айтты. Балабақша әкімшілігі барлық мәселелерді келісіп отырады. Атқарылған жұмыстар Instagram әлеуметтік желісінде және ресми сайтта жарияланып тұрады. Балабақша әкімшілігі барлық үдерістерді бақылауда ұстайды. Бейнебақылау тәулік бойы жүргізіледі, балалардың қауіпсіз болуына барлық

шаралар сақталған, өткізу тәртібі ұйымдастырылған. Әкімшілікке қойылған сұрақтарға жедел жауап беріледі. Мектепке дейінгі ұйым штаттық режимде жұмысын жалғастыруда.

Сөз сөйледі: ата-ана Дорошенко М.В. музыка залын безендіру мәселесін көтерді. Қажет болған жағдайда ата-аналар қолдан келген көмекті көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Қаулы етті: Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын жұмыс жоспарына сәйкес өткізу.

3. Тыңдалды: бөбекжай директоры Елекеева Л.Р. Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 6 ақпандағы №37 қаулысын таныстырды. Аталған қаулы 2022 жылғы 20 қаңтардағы №23 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-аналар төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы. 2026 жылғы 12 ақпаннан бастап мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтану үшін ата-аналар төлемақысының мөлшері:

2-ден 3 жасқа дейінгі топтарда – 20 312 теңге;

3-тен 6 жасқа дейінгі топтарда – 24 020 теңге.

Сөз сөйледі: бас есепші Шумультурова Г.К. тамақтану ақысының көтерілуін бағаның өсуі және инфляциямен түсіндірді.

Қаулы етті: ата-аналар қауымын айлық тамақтану ақысының көтерілуі туралы хабардар ету:

3 жасқа дейінгі балалар үшін - 20 312 теңге;

3–6 жас аралығындағы балалар үшін - 24 020 теңге.

Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 23 ақпанға дейін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Төраға: Виденчук Д.Г.

Хатшы: Омарова А.Б.